


**«Kazakhstan Bar Association»**  
зан қонсультанттары палатасының  
2023 жылғы 24 ақпандагы  
Жалпы жиналышының  
шешімімен бекітілді



**«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION»**  
ЗАҢ ҚОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

## 1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасы (бұдан өрі «Палата» немесе «KazBar») үекілетті органның Заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген, өзін-өзі реттейтін, міндепті мүшелікке негізделген, заң көмегін көрсету жөніндегі қызметті реттеу және өз мүшелерінің қызметін Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Палатаның қағидалары мен стандарттарын, Кесіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауы жағынан бақылау мақсатында құрылған үйім болып табылады.
- 1.2. Палата 2019 жылғы 28 маусымда (БСН 120840007397) «Коммерциялық заңгерлер алқасы «Kazakhstan Bar Association» коммерциялық емес үйімын қайта үйімдастыру жолымен құрылды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның заңды, тиісті және толық құқықтық мирасқоры болып табылады.
- 1.3. Палата коммерциялық емес үйім болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.
- 1.4. Палата заңдылық, Палата мүшелерінің құқықтары мен міндептерінің тендендігі және оның мүшелерінің еркін ерік білдіруі, өзін-өзі басқару, өзін-өзі қаржыландыру, қызметінің айқындығы, есептілік пен жариялышы, өзара көмек және мүшелерінің мүдделерін қорғау, тәуелсіздік қағидаттары негізінде құрылады және әрекет етеді.
- 1.5. Палатаның қызметі заң көмегін көрсету жөніндегі қызметті реттеуге, өзінің мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Палатаның қағидалары мен стандарттарының, Кесіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауы және осы Жарғыда көзделген мақсаттарға жетуі жағынан олардың қызметін бақылауға бағытталған.
- 1.6. Палатаның атауы:
  - 1.6.1. Палатаның толық атауы:
    - мемлекеттік тілде – «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары Палатасы;
    - орыс тілінде – Палата юридических консультантов «Kazakhstan Bar Association»
  - 1.6.2. Палатаның қысқартылған атауы:
    - мемлекеттік тілде – «KazBar» Палатасы
    - орыс тілінде – Палата «KazBar»
- 1.7. Палатаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050051, Медеу ауданы, Достық даңғылы 202, «Форум-Достық» бизнес орталығы, 5-қабат, 509-оффис.
- 1.8. Палата коммерциялық емес үйім болып отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген толық құқықтық субъектілікке ие және азаматтық айналымда дербес әрекет етеді, соның ішінде:
  - 1.8.1. дербес теңгерімі, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттары, өзінің атауы көрсетілген мөрі, мөртанаңбалары және бланктері бар;
  - 1.8.2. егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгесі көзделмесе, басқа заңды тұлғаларды құруға, соның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде филиалдарын, өкілдіктері мен оғистерін ашуға, қоғамдық бірлестіктер мен басқа үйімдарға мүше болып кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға құқылы;
  - 1.8.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға және міндептерді көтеруге құқылы.
- 1.9. Палата азаматтық-құқықтық қатынастардың дербес субъектісі ретінде өз міндептемелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алу шаралары қолданылуы мүмкін болатын, өзіне

тиесілі бүкіл мұлқімен жауап береді. Қолданыстағы заңнамада және осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, Палатаның мүшелері оның міндеттеммелері бойынша жауап бермейді, ал Палата өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

- 1.10. Палатаның мүшелері Палата мүшелерінің қесіптік заң қызметтерін көрсету/жұмыстарын орындау кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауы/тиіссіз түрде орындауы салдарында келтірілген іс жүзіндегі нұқсан үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte және жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қесіптік жауапкершілігін сақтандыру жолымен үшінші тұлғалардың алдында жауап береді және мүліктік жауапкершілік көтереді.
- 1.11. Палата өзінің мүлкін өз бетінше және өзінің қызметіне және мүліктің арналу мақсатына сәйкес иеленеді, пайдаланады, басқарады, өз бетінше істерін жүргізеді, өзінің атынан шарттар жасаса алады, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды ала алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтере алады.
- 1.12. Палата қызметінің мерзімі шектелмеген.
- 1.13. Палата өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін дәрежеде ғана кесіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Палатаның кесіпкерлік және өзге қызметінен түскен табысы оның жарғылық мақсаттарына жету үшін пайдаланылады.

## **2-БАП. ПАЛАТА ҚЫЗМЕТИНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ, ПАЛАТАНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

- 2.1. Палата қызметінің мәні мен мақсаттары мына тәмендегілер болып табылады:
  - 2.1.1. жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін қорғау мақсатында заң көмегін көрсету жөніндегі заң консультанттарының қызметін реттеу;
  - 2.1.2. Палата мүшелерінің заң қызметтері мен заң көмегін көрсетуінің сапасын жоғарылату, оның жоғары стандарттарын орнату және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
  - 2.1.3. Палатаның мүшелері заңды және жеке тұлғаларға көрсететін заң көмегінің сапасына бақылау жасау;
  - 2.1.4. Палатаның мүшелері болып табылатын заң консультанттарының құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау;
  - 2.1.5. заң қызметтері мен заң көмегінің ашық және айқын нарығын орнату;
  - 2.1.6. заң консультанттарының және олар құратын заңды тұлғалардың (заң фирмаларының және т.б.) таза және адап ниетті бәсекелестігін дамыту;
  - 2.1.7. Қазақстан Республикасында мықты кәсіпқой заңгерлер қауымдастырын құру;
  - 2.1.8. құқықтық мемлекетті қалыптастыру және қоғамның құқықтық мәдениетін жоғарылату жағынан ықпалдастық жасау.
- 2.2. Аталған мақсаттарда Палата мынадай функцияларды жүзеге асырады:
  - 2.2.1. қесіптік мінез-құлық қағидалары мен Кесіптік әдеп кодексін белгілеу;
  - 2.2.2. Палата мүшелігіне қабылдау тәртібі мен шарттарын анықтау;
  - 2.2.3. уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету стандарттарын, заң көмегі сапасының өлшемшарттарын белгілеу және Палата мүшелерінің оларды орындаудың қамтамасыз ету;
  - 2.2.4. кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібін белгілеу;
  - 2.2.5. Палатаның бекітілген стандарттарына сәйкес өз мүшелерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
  - 2.2.6. Палатаның мүшелерін ақпараттық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді үйымдастыру;
  - 2.2.7. мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес үйымдарда, соның ішінде шетелдік және халықаралық үйымдарда өз мүшелерінің мұдделеріне

- өкілдік ету;
- 2.2.8. Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, заң көмегін көрсете қағидалары мен стандарттарының, Кесіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауын бақылау;
- 2.2.9. Қазақстан Республикасы заңнамасының, заң көмегін көрсете қағидалары мен стандарттарының, Кесіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін Палатаның мүшелерін жауаптылықта тарту туралы мәселелерді қарau;
- 2.2.10. заң оқу орындары түлектерінің кесіптік тәжірибеден етуін ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- 2.2.11. тәжірибелі қорыту және заң көмегін одан әрі жетілдіру мен дамыту жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар өзірлеу;
- 2.2.12. Палата мүшелерінің Тізілімін жүргізу;
- 2.2.13. конкурстар, семинарлар, білім беру іс-шаралары мен қызметтерін, дәрістер мен конференциялар, көрмелер, презентацияларды ұйымдастыру;
- 2.2.14. Палата мүшелерінің жолданымдарын, өтінімдерін, шағымдарын, сондай-ақ заң қызметтерін тұтынушылардың, сот және уәкілетті мемлекеттік органдардың, соның ішінде шетелдік органдардың, Палатаның мүшелеріне қатысты шағымдары мен жолданымдарын қарau;
- 2.2.15. заң көмегін көрсете жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәртібіне қосымша талаптарды өзірлеу және Палата мүшелерінің оларды сақтауын бақылау;
- 2.2.16. Палатаның мүшелері заң көмегін көрсеткен (заң қызметтерін көрсеткен) заңды және жеке тұлғалардың алдындағы мүліктік жауапкершілік шараларын кесіптік жауапкершілікті сақтандыру жолымен қамтамасыз ету;
- 2.2.17. Палатаға мүше болып кіретін тұлғаларды аттестаттауды жүргізу;
- 2.2.18. Қазақстан Республикасында заңгер мамандығының беделін арттыруға, заңдардың және кәсіби әдеп нормаларының мұлтіксіз сақталуына септігін тигізу;
- 2.2.19. заңгерлердің арасында жан-жақты ынтымақтастықты дамыту, заң ғылыминың, білім беру мен тәжірибе саласы өкілдерінің арасындағы байланыстың нығаюына септігін тигізу;
- 2.2.20. кең заңгерлер қауымын құқықтық, гуманитарлық және өзге жобалар мен бағдарламаларға қатысуға жұмылдыру;
- 2.2.21. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Палатаның басқа ішкі актілерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру;
- 2.2.22. жылына кемінде бір рет өзінің интернет-ресурсында құпиялық туралы талаптарды ескере отырып палата мүшелері ұсынған деректердің негізінде өткен кезеңде палата мүшелері көрсеткен заң қызметтерінің қалыптасқан орташа құны туралы жиынтық-талдамалы ақпараттың осы ақпарат соңғы орналастырылған күннен бастап орналастырылуын қамтамасыз ету;
- 2.2.23. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсете жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 2.2.24. заң консультанттарының Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 2.2.25. заң консультанттары үшін олардың қызметінің ерекшеліктері мен спецификасын ескере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды өзірлеу және бекіту;

2.2.26. өз құзыреті шегінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау бойынша заң консультанттарының қызметіне талдау және мониторинг жүргізу, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану тәжірибесін жалпылау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізіп, жыл сайын қаржы мониторингі жөніндегі үекілетті орган белгілеген нысанда және мерзімде қаржы мониторингі жөніндегі үекілетті органға осындағы ақпаратты ұсыну.

### **3-БАП. ПАЛАТАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

- 3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte қызметінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін Палатаның мынадай құқықтары бар:
- 3.1.1. өзінің қызметін түсіндіру және ол жайлы ақпарат тарату;
  - 3.1.2. өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін, олар етініш білдірген жағдайда, білдіру және қорғау, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, сондай-ақ кез келген үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынаста олардың өкілдері болу;
  - 3.1.3. Палатаның және оның мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін қабылданған нормативтік құқықтық актілер бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;
  - 3.1.4. мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан Палатаның Қазақстан Республикасы заңдарымен өзіне жүктелген функцияларын орындауды үшін қажетті ақпаратты алу;
  - 3.1.5. мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік қызметшілердің сот арқылы дау айтуда жататын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағым жасау;
  - 3.1.6. дауларды сотта және сотқа дейінгі шешүге, соның ішінде төрелікке қатысу;
  - 3.1.7. мүшелік жарналарды жинау және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыыйым салынбаған басқа көздерден мүлкін қалыптастыру;
  - 3.1.8. Палатаға жаңадан мүше болып кіретін және қызмет етіп отырған мүшелеріне кесіптік оқу, білім беру іс-шаралары мен қызметтерін, семинарлар, дәрістер, аттестаттау өткізуді ұйымдастыру;
  - 3.1.9. Палатаның қағидалары мен стандарттарын бекіту;
  - 3.1.10. Палата мүшелерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Палатада қабылданған және қолданылатын Палатаға мүше болу қағидаларының, стандарттарының, ережелері мен шарттарының талаптарын сақтауы жағынан бақылау;
  - 3.1.11. өзінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Палатаның ішкі ережелерінде, стандарттары мен қағидаларында көзделген ықпал ету шараларын қолдану;
  - 3.1.12. Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасын бұзып отырған тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;
  - 3.1.13. бұқаралық ақпарат құралдарын құру;
  - 3.1.14. баспа қызметін жүзеге асыру;
  - 3.1.15. халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге мүше болып кіру, сондай-ақ олармен шарттар жасасу;

- 3.1.16. заң консультанттары палаталарының одақтарын, қауымдастықтарын және басқа да қоғамдық бірлестіктерін құру, сондай-ақ осындай қоғамдық бірлестіктерге мүше болып кіру;
  - 3.1.17. Палатаның қаражатын қайырымдылық мақсаттарға пайдалану;
  - 3.1.18. Қазақстан Республикасы және шетел мемлекеттері аумағында филиалдарын, өкілдіктері мен оғистерін құру;
  - 3.1.19. шарттар жасасу, зерттеу жүргізу, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған жобалар мен бағдарламаларға, сондай-ақ өзге қызмет түрлеріне қатысу;
  - 3.1.20. қоғамдық өмірдің әр түрлі мәселелері бойынша түрлі бастамалармен шығу, мемлекеттік билік және басқару органдарына ұсыныстар енгізу;
  - 3.1.21. нормативтік құқықтық актілер мен олардың жобаларына ғылыми-құқықтық сараптамалар жүргізу, ғылыми және өзге жұмыстарды рецензиялау, сондай-ақ заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін зерттеу және жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу қызметінің өзге түрлерін жүргізу;
  - 3.1.22. мұліктік және мұліктік емес жеке құқықтарды сатып алу және жүзеге асыру;
  - 3.1.23. заңгер мамандықтарының ағымдағы қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу және болашақ қажеттіліктерді болжамдау;
  - 3.1.24. осы Жарғыда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге құқықтарды жүзеге асыру;
- 3.2. Палатаның міндеттері:
- 3.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның Жарғысын және Палатада қабылданған қағидаларды, стандарттар мен ережелерді сақтау;
  - 3.2.2. Палатаның мүшелері заңды және жеке тұлғаларға заң көмегін көрсеткенде және заң қызметтерін ұсынғанда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзыуна жол бермеу жөнінде өз өкілдептіктері шегінде шаралар қолдану;
  - 3.2.3. мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауаттылығын, кәсіби білімі мен біліктілігін арттыру бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу;
  - 3.2.4. Палатаның сайты арқылы өз қызметінің және өз мүшелері қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету;
  - 3.2.5. Палатаның ішкі Интернет-Порталы мен сайтына қолжетімділікті қамтамасыз ету;
  - 3.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда немесе Жалпы жиналыстың немесе Палата Басқармасының шешімімен бекітілген өзге де құжатта белгіленген тәртіpte, кейіннен тиісті ақпаратты реттеуші мемлекеттік органдарға бере отырып, өз мүшелерінің қызметіне олар Палатаға есептер нысанында ұсынатын ақпараттың негізінде талдауды жүзеге асыру;
  - 3.2.7. Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның қағидалары мен стандарттарын бұзыу, сондай-ақ Палата мүшелеріне қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында, осы Жарғыда немесе Палатаның қағидаларында, стандарттары мен ережелерінде белгіленген тәртіpte мемлекеттік реттеуші органның назарына жеткізу;
  - 3.2.8. өзін-өзі реттеуде мүдделер қайшылығының туындауына алып келетін қызметті жүзеге асырмау және әрекеттерді жасамау;
  - 3.2.9. Палатаның мүшелеріне олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
  - 3.2.10. осы Жарғы бойынша Палата қызметінің табысы мен шығынының есебін жүргізу;
  - 3.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Палатаның ережелерінде көзделген тәртіpte өзінің мүшелеріне ақшалай қаражаттың түсімі және жұмсалуы жайлы ақпарат беру;
  - 3.2.12. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte

- салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу;
- 3.2.13. өзінің қаржы қызметіне бақылауды қамтамасыз ету және кемінде жылына бір рет Ревизиялық комиссияның тексерісін жүзеге асыру, жыл сайын Палата мүшелерінің Жалпы жиналышына өзінің мүлкі мен қаражатын пайдалану туралы есепті тапсыру;
- 3.2.14. тұрақты әрекет етуші басқарушы органның орналасқан жерінің және басқарушылар туралы деректердің өзгеруі жайлы бірыңғай мемлекеттік Тізілімге енгізілетін мәліметтер көлемінде тіркеуши органға ақпарат беру;
- 3.2.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Палатаға мүшелерді өнгізу, мүшелікті тоқтата тұру туралы және Палатаға мүшеліктен шығару туралы ақпаратты үекілетті органға ұсыну;
- 3.2.16. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Палатаның ережелерінде көзделген басқа да міндеттерді көтеру.

#### **4-БАП. ПАЛАТАНЫҢ МҮШЕЛЕРІ**

- 4.1. Палатаға мүшелік заң консультантты мәртебесіне ие болуды білдіреді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, осы Жарғының және Палатаның ішкі актілерінің талаптары сақталып жүзеге асырылады. Мүшелікті тоқтата тұру және доғарудың жағдайлары мен тәртібі осы Жарғыда және Палатаның басқа да ішкі актілерінде тікелей көзделген.
- 4.2. Жоғары заң білімі және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, заң көмегін көрсететін, Палатаның талаптарына сай келетін, осы Жарғыны мойындайтын, Палата идеялары мен жұмысының қағидаттарын қабылдайтын Қазақстан Республикасының азаматы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын шетел азаматы Палатаға мүше бола алады.
- 4.2.1. Адвокаттар және шетел заңгерлері Палатаның қауымдастырылған мүшелері бола алады, бұл орайда олар заң консультанттының толық мәртебесіне ие болмайды.
- 4.2.2. Палатаның қауымдастырылған мүшелері мәртебесін алған адвокаттар және шетел заңгерлері Палатаның Жарғысын, қағидалары мен стандарттарын, Көсіптік әдеп кодексін, көсіптік мінез-құлыш ережелерін, сондай-ақ Палатаның ішкі актілерінде көзделген басқа да талаптарды сақтауға міндетті.
- 4.3. Сот тәртібінде әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, немесе заңмен белгіленген тәртіpte өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының, заң көмегін көрсетудің қағидалары мен стандарттарының, Көсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін Заң консультанттары палатасының мүшелері Тізілімінен шығарылған тұлғаны, егер оның шығарылған күнінен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, Палатаға қабылдауға болмайды.
- 4.4. Палатаға қабылдау Палатаға мүше болуға, белгіленген тәртіpte мүшелік жарналарды төлеуге ниетті және Палата белгілеген тәртіpte аттестаттаудан өткен тұлғаның жазбаша өтінішінің негізінде жүзеге асырылады. Өтініште оның тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжатының деректері, өзекті байланыс деректері көрсетіледі. Өтініш беретін адам заңды тұлғамен еңбек қатынастарында тұрған жағдайда, оған қосымша заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері мен банктик деректемелері көрсетіледі.
- 4.5. Заң консультанттары палатасына кіру үшін үміткер:
- 1) жеке куәлігін немесе төлқұжатын;
  - 2) жоғары заң білімі туралы құжатты (заңтану мамандығы бойынша бакалаеви дәрежесін алу фактісін растайтын ЖОО дипломын);
  - 3) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің бар екенін растайтын құжаттарды (еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаған

- жағдайда - жұмыс орнында тиісті түрде рәсімделіп берілген анықтама; Бірыңгай жинақтауши зейнетақы қорынан үзінді көшірме; заң мамандығы бойынша жұмыс өтілін раnstайтын басқа да ресми құжаттар);
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын білу бойынша тестілеуден өту нәтижелері қамтылған құжатты;
- 5) өтелменем немесе алынбаған соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы;
- 6) психиатриялық, наркологиялық диспансерлердің берген анықтамаларын;
- 7) түйіндемесін ұсынады.
- 4.6. Өтініш Палата бекіткен нысан бойынша рәсімделеді және оған қол қойылады. Палатаға мүше болғысы келетін тұлға Палатаның ресми интернет-ресурсында осы Жарғымен, Палатаның ішкі актілерімен, қағидаларымен және стандарттарымен танысып шығуға құқылы.
- 4.7. Аттестаттауға Қазақстан Республикасының заңнамасын білу бойынша кешенді тестілеу, сондай-ақ Палата қосымша белгілейтін сұхбат кіреді. Заң консультанттары палатасына кіру үшін аттестаттау өткізуідің тәртібі мен шарттарын Палата уәкілетті органмен келісім бойынша анықтайды.
- 4.8. Палата мүшелеріне қабылдау туралы шешімді Палатаның Басқармасы осы Жарғыда және Палатаның ішкі актілерінде белгіленген тәртіpte қабылдайды.
- 4.9. Осы Жарғы тармақтарының ережелерін ескергенде, мүшелік жарналар жыл сайынғы негізде теленеді. Тұлға жыл ішінде Палатаға мүшелікке кірген жағдайда, мүшелік жарнаның мөлшері ағымдағы күнтізбелік жылдың аяғына дейін қалған толық айлардың санына негізделе отырып есептеледі. Ерекше жағдайларда Атқарушы органның шешімі бойынша мүшелік жарналарды транштармен төлеуге рұқсат етілуі мүмкін.
- 4.10. Палатаның мүшесіне Тізілімнен Үзінді көшірме, сондай-ақ Палата мүшесінің қалауы бойынша Палата Басқармасының шешімімен белгіленген үлгі бойынша Палатаның куәлігі мен бейдіжі тапсырылады.
- 4.11. Егер Палата мүшесінің мүшелігі уақытша тоқтатылмаса немесе ол Палата Басқармасының шешімімен шығарылмаса, немесе ол Палатадағы мүшелігін ерікті түрде тоқтатпаса, ол Палатаның әрекет етуші мүшесі болып табылады, яғни оның заңнамада, осы Жарғыда және Палатаның қағидаларында көзделген Палата мүшесінің барлық құқықтары мен міндеттері бар.
- 4.12. Егер Палата мүшесі қандай да бір себептерге (жүктілігіне немесе бала күтіміне байланысты демалыста болуына, Қазақстан Республикасынан тыс жерде жұмыс істеуге, оқуға, емделуге ұзақ уақытқа кетуіне, екі айдан астам уақыт ауыруына және басқа да себептерге) орай жеке және заңды тұлғаларға заңгерлік көмек көрсету жөніндегі қызметті уақытша жүзеге асырмаса, ол мүшелікті тоқтата тұру туралы өтініш беруге міндетті. Мүшелікті тоқтата тұрудың аталған негіздері жойылғаннан кейін Палата мүшесі мүшелігін қалпына келтіру туралы өтініш беруге міндетті.
- 4.13. Палатаның мүшесі кез келген уақытта Палатаның Тәрағасына жолданған жазбаша өтініштің негізінде Палатаға мүшелікті тоқтатуға құқылы.
- 4.14. Палатаға мүшелік сондай-ақ мына жағдайларда тоқтатылады:
- 1) Палатаның мүшесі болып табылатын азамат қайтыс болғанда, ол қайтыс болған деп жарияланғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte хабар-ошарсыз кеткен деп танылғанда;
- 2) Палата таратылғанда;
- 3) Палатаны Заң консультанттары палаталарының Тізілімінен шығару туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде.
- 4.15. Палатаға мүшелікті тоқтату Басқарманың шешімімен бекітіледі
- 4.16. Мына жағдайларда тиісті тұлғаның өтініші бойынша және/немесе Палатаның Атқарушы органдарының шешімі бойынша оған қатысты Палатаға мүшелік тоқтатыла тұруы мүмкін:

- 4.16.1. егер Палатаның мүшесі қандай да бір себептерге (жүктілігіне немесе бала күтіміне байланысты демалыста болуына, Қазақстан Республикасынан тыс жерде жұмыс істеуге, оқуға, емделуге ұзақ уақытқа кетуіне, екі айдан астам уақыт ауыруына және басқа да себептерге) орай жеке және занды тұлғаларға заң көмегін көрсетуді тоқтата тұрса;
- 4.16.2. егер Палатаның мүшесі 6 (алты) айдан астам мерзімге мүшелік жарна төлеуді кешіктірсе.
- 4.17. Мына жағдайларда заң консультанттының мүшелігі Палатадан шығару туралы Басқарма шешімінің негізінде тоқтатылады:
- 4.17.1. Палатаның Тәртіптік комиссиясы растаған осы Жарғы және (немесе) Палатаның басқа да қағидалары, стандарттары мен ережелері өрескел және бірнеше мәрте бұзылған;
- 4.17.2. Палатаның мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкессіздік анықталған;
- 4.17.3. мүшелік жарналарды төлеу бір жылдан астам мерзімге кешіктірілген;
- 4.17.4. зангер білімі туралы диплом сот тарапынан жарамсыз деп танылған;
- 4.17.5. Палатаның мүшесі қылмыстық жауапкершілікке тартылған немесе ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған;
- 4.17.6. Палатаның беделіне жағымсыз өсер ететін, Палатаның Тәртіптік комиссиясы тарапынан расталған өрекеттер жасалған;
- 4.17.7. Палатаны басқару органдарының шешімдері қаскөйлікпен орындалмаған жағдайда;
- 4.17.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа жағдайлар туындағанда.
- 4.18. Палатаның мүшесі/қауымдаşқан мүшесі мүшеліктен шығарылған немесе Палатаға мүшелігі/қауымдашқан мүшелігі басқа негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, оның енгізген мүшелік жарнасы қайтарылмайды.
- 4.19. Палатаның мүшелері тең құқықтарға ие және бірдей міндет атқарады.
- 4.20. Палата мүшелерінің Палатаның меншігіне өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, олар мүше ретінде қатысады Палатаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Палата өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 4.21. Палатаның өрекет етуші мүшесінің мынадай құқығы бар:
- 4.21.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіpte Палатаны басқаруға қатысу;
- 4.21.2. заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мұддеперін соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда білдіру;
- 4.21.3. барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен занды тұлғалардан заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді сұрату және алу;
- 4.21.4. Палатаның қызметі туралы, соның ішінде ақшаның түсі мен жұмсалуы туралы ақпарат алу;
- 4.21.5. Палатадан Палатаға мүшелік тізілімінен жазбаша Үзінді көшірмені, сондай-ақ ақылы негізде күөлік пен бейдж алу;
- 4.21.6. Басқармаға және Палатаның басқа да басқару органдарына сайлау үшін Палата мүшелерінің Жалпы жинальсына үміткерлерді ұсыну;
- 4.21.7. Палатаның органдары қабылдаған шешімдерге, олардың өрекеттеріне (өрекетсіздігіне) сот тәртібінде наразы болу;
- 4.21.8. Палатаның қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды оның барлық органдарына беру;
- 4.21.9. осы Жарғыда қарастырылған негіздер бойынша Палата мүшелерінің бірін одан шығару жайлы мәселелерді қарайтын Басқарманың отырысына қатысу;

- 4.21.10. белгіленген тәртіпте Палатаның материалдық базасын, ақпаратын, қызметтерін, Палатаның мүшелері үшін белгіленген жөнелдіктерді пайдалану;
  - 4.21.11. Палатаның құрамынан шығу;
  - 4.21.12. Палатаның басқарушы органдарына сайлау және сайлану;
  - 4.21.13. осы Жарғыға сәйкес Палата мүшелерінің Жалпы жиналышының отырысын еткізуге бастамашы болу;
  - 4.21.14. Басқарманың және Палатаның басқа органдарының отырыстарының материалдарымен танысу;
  - 4.21.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және шектерде, заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинау, сондай-ақ оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға ұсыну;
  - 4.21.16. заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен, соның ішінде процессуалдық құжаттармен, сот істерімен танысу және оларда қамтылған ақпаратты заңдар бойынша тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркең алу;
  - 4.21.17. заң көмегін көрсетуге байланысты туындастын және ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұрату;
  - 4.21.18. мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне қосым жасайтын шешімдеріне және өрекеттеріне (өрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеу, белгіленген тәртіпте шағым беру;
  - 4.21.19. заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалану;
  - 4.21.20. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен татуластыру ресімдерін жүргізу;
  - 4.21.21. кешенді өлеуметтік заң көмегін көрсету;
  - 4.21.22. Палата бюджетіне қосымша қарожат салу және Палатаның іс-шараларын еткізуге басқа да көмек көрсету;
  - 4.21.23. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Палатаның ішкі ережелерінде белгіленген басқа да құқықтарды жүзеге асыру.
- 4.22. Палатаның өрекет етуші мүшесінің міндеттері:
    - 4.22.1. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, осы Жарғының, Кесіптік әдеп кодексінің, Палатаның ішкі актілерінің, қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтау. Басқарманың және Палатаның басқа да басқару органдарының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Жарғының талаптарына сәйкес шығарған шешімдерін орындау;
    - 4.22.2. Палата белгілеген біліктілікті арттыру бойынша талаптарды орындау;
    - 4.22.3. Палата және (немесе) оның қызметі жайлы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты жария қылмау;
    - 4.22.4. қолданыстағы заңнамада және осы Жарғыда белгіленген мәлшерде және тәртіппен мүшелік жарналарды төлеу. Жүктілігіне және бала тууына немесе үш жасқа толғанға дейін балаға күтім жасауына байланысты демалыста жүрген заң консультанттары және уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты қатарынан екі айдан астам уақыт бойы кесіптік қызметті жүзеге асырмайтын заң консультанттары осы кезеңге мүшелік жарна төлеуден босатылады. Кесіптік қызметін ауылдық елді

мекендерде жүзеге асыратын немесе кәсіптік қызмет өтілі бір жылдан кем емес заң консультанттары белгіленген мәлшерлеменің елу пайызы мәлшерінде мүшелік жарна төлейді. Палатаға мүшелікті уақытша тоқтатқан заң консультанттары мүшелік жарналардың жылдық көлемінің 1/10 мәлшерінде мүшелік жарна төлейді, тек бұған жүктілігіне және бала тууына немесе үш жасқа толғанға дейін балаға күтім жасауына байланысты демалыста болуына орай мүшелікті тоқтата тұрған заң консультанттары және уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты қатарынан екі айдан астам уақыт бойы кәсіптік қызметті жүзеге асырмайтын, қолданыстағы заңнамаға сәйкес мүшелік жарналарды төлеу міндетінен босатылған заң консультанттары жатпайды;

- 4.22.5. соттарда заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде Палатаның мүшелері сотта және соттан тыс жерде заңнамамен белгіленген процессуалдық міндеттерді, сондай-ақ әдептілік мінезд-құлық нормаларын қатаң сақтауға міндettі. Палатаның мүшелері сотқа сенімді дәлелдерді және жоғары кәсіптік деңгейде дайындалған процессуалдық құжаттарды ұсынуға міндettі. Палатаның мүшелері соттарға жалған дәлелдер және көрінеу күмәнді мәліметтер беруден аулақ болуға міндettі.
- 4.22.6. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру;
- 4.22.7. клиентке заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің заң көмегін көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлау;
- 4.22.8. заң көмегін көрсету кезінде клиенттен және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 4.22.9. клиенттің талабы бойынша заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесін ұсыну;
- 4.22.10. клиенттің талабы бойынша Палата мүшелерінің Тізілімінен үзінді көшірме ұсыну;
- 4.22.11. егер клиент бұған қарсы болмаса, клиентпен құпия ақпаратты жария етпен туралы келісім жасасу;
- 4.22.12. клиенттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нақты мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекеттерді орындау;
- 4.22.13. заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелерін заң көмегін көрсету стандарттарында белгіленген мерзім бойы қағаз немесе электрондық тасымалдаушыда не электрондық құжаттар нысанында клиенттің талап етуі бойынша сақтау;
- 4.22.14. тұрақты тұрде жұмыс істейтін электрондық пошта мекенжайының, қолданыстағы телефон нөмірінің болуын қамтамасыз ету және Палатаның мүшелері Тізіліміне енгізу мақсатында, сондай-ақ Палатаның басқару органдары қабылдаған шешімдер туралы мәліметтерді Палатадан алу үшін ол туралы мәліметтерді Палатаның Атқарушы органына беру. Электрондық пошта мекенжайы және/немесе телефон нөмірі өзгерген жағдайда, заң консультанты бұл туралы кез келген тәсілмен жазбаша хабарлау арқылы Палатаның Атқарушы органын дереу хабардар етуге міндettі. Заң консультантының тұрақты тұрде жұмыс істейтін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірінің өзгергені туралы хабарлама болмаған жағдайда, Палата заң консультантына хабарламалардың бүрүн көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілуінің салдары үшін жауапкершілік көтермейді;
- 4.22.15. Осы Жарғыда белгіленген тәртіpte Палатаның қызметіне, сондай-ақ Палата органдарының жұмысына жүйелі негізде қатысу;
- 4.22.16. Тізілімді жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы 3 (үш) жұмыс

- күні ішінде Палатаның Атқарушы органын хабардар ету;
- 4.22.17. Палата мен оның мүшелерінің арасындағы ішкі коммуникацияны үзбеу үшін, сондай-ақ Палатаның қызметі туралы ішкі ақпаратпен танысу және оған қол жеткізу үшін Палатаның Интернет-Порталында тіркелу;
- 4.22.18. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Палатаның осы Жарғыға сәйкес қабылданған ішкі ережелерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындау.

## **5-БАП. ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ТІЗІЛІМІ**

- 5.1. Палатаның мүшесі мәртебесінің пайда болуы, өзгеруі, уақытша тоқтатылуы, қалпына келтірілуі және тоқтатылуы Тізілімдегі тиісті жазбаның негізінде жүзеге асады.
- 5.2. Палатаның қауымдасқан мүшесі мәртебесінің пайда болуы, өзгеруі, уақытша тоқтатылуы, қалпына келтірілуі және тоқтатылуы Адвокаттардың қауымдасқан мүшелігінің және шетел заңгерлерінің қауымдасқан мүшелігінің Тізілімдеріндегі тиісті жазбалардың негізінде жүзеге асады.
- 5.3. Палатаның Атқарушы органы Тізілімді жүргізеді және оған жазба енгізеді.
- 5.4. Тізілімде Палатаның мүшелері жайлы келесідей мәліметтер қамтылады:
- 1) Заң консультанттары палатасы мүшесінің тіркеу нөмірі, оның Тізілімде тіркелген күні;
  - 2) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);
  - 3) жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);
  - 4) жеке басын күеландыратын құжат деректері;
  - 5) тұрғылықты жері немесе заңды мекенжайы;
  - 6) электрондық пошта мекенжайы;
  - 7) телефон нөмірі;
  - 8) мүше мәртебесі жайлы ақпарат;
  - 9) мәртебенің пайда болуы, өзгеруі, уақытша тоқтатылуы, қалпына келтірілуі және тоқтатылуы үшін негіз;
  - 10) Заң консультанттары палатасының мүшесінің мүліктік жауапкершілігінің қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер (кәсіптік қызметін сақтандыру шартының №, жасалған күні және қолданылу мерзімі);
  - 11) Заң консультанттары палатасы жүргізген Палатаның мүшесін тексеру нәтижелері және оған тәртіптік және өзге де жаза қолдану деректері туралы мәліметтер;
  - 12) Тізілімге тиісті жазбаның енгізілген күні.
- 5.5. Палата мүшелерінің/қауымдасқан мүшелерінің құрамына қабылдау, мүшеліктің уақытша тоқтатылуы, қалпына келтірілуі және Палатадан шығарылуы және Палатадан ерікті түрде шығуы туралы жазбалар тиісті шешімдер мен құжаттардың негізінде енгізіледі:

Мүше мәртебесі туралы ақпарат	Негіз
Мүше етіп қабылдау	Басқарманың шешімі
Мүшелікті тоқтату	
Мүшелікті тоқтата тұру	Атқарушы органының шешімі
Мүшелікті қалпына келтіру	

- 5.6. Палатаның өрекет етуші мүшесінің Палатаның Атқарушы органына жолдаған жазбаша өтініші бойынша оған бес жұмыс күні ішінде оның мәртебесін растау мақсатында Тізілімнен алынған Үзінді көшірме беріледі.

## **6-БАП. МҰШЕЛІК ЖАРНАЛАР САЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ**

- 6.1. Жарналар Палатаның меншігі болып табылады және осы Жарғыда көзделген Палата қызметінің мақсаттарына ғана пайдаланылуы тиіс. Мұшелік жарналардың мөлшері және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленеді.
- 6.2. Палатаның барлық мүшелері мүшелік жарналарды төлеуге міндettі, олар жыл сайынғы негізде төленеді. Тұлға ағымдағы жыл ішінде Палатаға мүше болып кірген жағдайда, мүшелік жарнаның мөлшері ағымдағы күнтізбелік жылдың аяғына дейін қалған толық айлар санына негізделе отырып есептеледі. Жыл сайынғы мүшелік жарнаның мөлшері Палата мүшелерінің Жалпы жиналышының шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекте белгіленеді.
- 6.3. Палатаның Қауымдастқан мүшелері жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеуге міндettі. Осында мүшелік жарнаның мөлшері Палата Мүшелерінің Жалпы жиналышының шешімімен белгіленген жыл сайынғы мүшелік жарнаның 50%-ын құрайды.
- 6.4. Мүшелік жарналар жыл сайынғы негізде ағымдағы жылдың 20 ақпанына дейін біржолғы төлеммен төленеді. Тұлға ағымдағы жылдың ішінде Палатаға мүше болып кірген жағдайда, Палатаның бүл мүшесі мүшелік жарнаны ол мүше болып кірген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде төлейді.
- 6.5. Палата мүшесінің дәлелді өтініші бойынша және Палатаның Атқаруышы органдарының шешіміне сәйкес мүшелік жарналар траншпен енгізілуі мүмкін.
- 6.6. Мүшелік жарна төлеудің 6 (алты) айдан астам мерзімге толықтай немесе ішінара кешіктірілуі төлемді кешіктіруге жол берген тұлғаға қатысты Атқаруышы органдары шешімі бойынша мүшеліктің уақытша тоқтатылуына әкеп соғады.
- 6.7. Күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша Палатаның Атқаруышы органдары Басқарманың қарауына мүшелік жарна төлеу жағынан берешегі бар Палата мүшелері жайлы ақпарат береді.

## **7-БАП. ПАЛАТАНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

- 7.1. Палатаның басқару және бақылау органдары мыналар болып табылады:
  - 7.1.1. жоғары басқару органы - Палата мүшелерінің Жалпы жиналышы (бұдан әрі «Жалпы жиналыш»);
  - 7.1.2. алқалы басқару органы - Басқарма;
  - 7.1.3. атқаруышы басқару органы - Палатаның Терағасы;
  - 7.1.4. Жалпы жиналыштың шешімі бойынша сайланатын немесе тағайындалатын бақылау басқару органы (ревизиялық комиссия, ревизор).
- 7.2. Палатада сондай-ақ мынадай органдар мен комиссиялар құрылады:
  - 7.2.1. Байқаушы кеңес – Палатаның стратегиялық даму бағыттарын өзірлеуге қатысатын Палатаның консультативтік-кеңесші органды. Байқаушы кеңес кем дегенде 17 адам құрамында құрылады. Байқаушы кеңес Жалпы жиналыш бекітетін Ереженің негізінде құрылады және әрекет етеді. Байқаушы кеңестің мүшелерін Палата мүшелерінің Жалпы жиналышы Басқарманың ұсынысы бойынша сайлайды. Жұртшылықпен байланыс жасау, білім, ғылым мекемелерімен, халықаралық және басқа да бейіндік ұйымдармен ынтымақтастық құру мақсатында Байқаушы кеңеске келісім бойынша Палатаның мүшелері болып табылмайтын тұлғалар Байқаушы кеңестің тәуелсіз мүшелері ретінде сайлануы мүмкін.
  - 7.2.2. Аттестациялық комиссия;
  - 7.2.3. Тәртіптік комиссия;
  - 7.2.4. Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссия;
  - 7.2.5. осы Жарғыға, сондай-ақ Комиссиялар мен Комитеттер туралы Үлгілік

ережеге сәйкес құрылған Палатаның басқа мамандандырылған органдары (комитеттер, комиссиялар және басқалар).

- 7.3. Палатаның Басқармасын, Төрағасын, Ревизиялық комиссиясын (Ревизор), сондай-ақ Аттестациялық комиссиясын, Тәртіптік комиссиясы мен Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссиясын Жалпы жиналыс үш жыл мерзімге сайлайды.
- 7.4. Палатаның мамандандырылған органдарын құру тәртібі, құзыretі мен қызметі осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген Палатаның ішкі актілерімен реттеледі.

## 8-БАП. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС

- 8.1. Палатаның жоғарғы басқару органы Жалпы жиналыс болып табылады.
- 8.2. Жалпы жиналыстың айрықша құзыretіне мына мәселелер жатады:
  - 8.2.1. Палатаның Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Жарғыны жаңа редакцияда қабылдау;
  - 8.2.2. Палата қызметінің басымдықты бағыттарын, оның мүлкін қалыптастыру мен пайдалану қағидаттарын айқындау;
  - 8.2.3. Палатаның Басқару және бақылау органдары туралы ережелерін, сондай-ақ Тәртіптік комиссиясы, Аттестациялық комиссиясы, Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссиясы туралы ережелерін бекіту.
  - 8.2.4. Палатаның қағидалары мен стандарттарын бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
  - 8.2.5. Заң қызметтерін көрсету сапасының өлшемшарттарын бекіту;
  - 8.2.6. Кесіптік әдел кодексін және кесіптік мінез-құлыш қағидаларын бекіту;
  - 8.2.7. Палатаның бюджетін бекіту, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ Палатаның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
  - 8.2.8. Басқарма мүшелерін немесе оның жекелеген мүшелерін сайлау;
  - 8.2.9. Палатаның Төрағасын сайлау, сол сияқты оның өкілеттіктерін тоқтату;
  - 8.2.10. Адвокаттардың және шетел заңгерлерінің Палатаға қауымдастап мүшелігі туралы ережені бекіту;
  - 8.2.11. Палатаның бақылаушы басқару органының сайлау немесе тағайындау;
  - 8.2.12. Палатаның Байқауышы кеңесінің, Аттестациялық комиссиясының, Тәртіптік комиссияның, Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссиясының мүшелерін сайлау;
  - 8.2.13. атқарушы органның және бақылау органының есептерін Палатаның Жарғысында белгіленген тәртіpte бекіту;
  - 8.2.14. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Палатаның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы жайлы шешімді, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ашу немесе жабу туралы шешім қабылдау;
  - 8.2.15. Палатаның қайта үйімдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау, таратушыны немесе тарау комиссиясын тағайындау;
  - 8.2.16. жыл сайынғы мүшелік жарналардың мөлшерін, төлеу мерзімі мен тәртібін белгілеу;
  - 8.2.17. Жалпы жиналыс өткізу Регламентін бекіту;
  - 8.2.18. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Палатаның Жарғысына сәйкес өзге де шешімдер қабылдау.
- 8.3. Олар бойынша шешім қабылдау Жалпы жиналыстың айрықша құзыretіне жатқызылатын мәселелерді Палатаның өзге органдарының немесе мүшелерінің құзыretіне табыстауға жол берілмейді.
- 8.4. Жалпы жиналыс Палатаның қызметіне қатысты кез келген басқа мәселелер бойынша шешімдерді, соның ішінде Палатаның басқа басқару органдарының құзыretіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы.
- 8.5. Палата мүшесінің, соның ішінде қауымдастап мүшесінің Жалпы жиналыстың

- 8.6. отырысына қатысуға құқығы бар.
- 8.6. Палатаның әрекет етуші мүшесі болып табылатын Жалпы жиналыштың әр қатысушысы Жалпы жиналыш отырысында дауыс беруге құқығы бар және ол бір дауысқа ие.
- 8.6.1. Егер Жалпы жиналыштың отырысына қатысушы Палатаның қауымдасқан мүшесі болса, онда оның Жалпы жиналыш отырысында дауыс беруге құқығы бар және ол бір дауысқа ие, алайда бұл Палатаға қауымдасқан мүшелік шарттарына тікелей қатысы бар мәселелерді қарастыруға таралады.
- 8.7. Жалпы жиналыштың отырыстары қажеттілікке қарай, бірақ жылдан кемінде бір рет өткізіледі.
- 8.8. Палата мүшелерінің Жалпы жиналыштары жыл сайынғы және кезектен тыс болып бөлінеді.
- 8.9. Жалпы жиналыштың отырыстары Палатаның атқарушы органды орналасқан жердегі елді мекенде Жалпы жиналыш өткізу Регламентіне сәйкес өткізіледі.

### **Жалпы жиналышқа бастамашы болу және шақыру**

- 8.10. Жыл сайынғы Жалпы жиналышты Басқарма шақырады, сонымен қатар ол Жалпы жиналыштың өткізілетін уақытын, жерін және ұсынылатын күн тәртібінің мәселелерін анықтайды.
- 8.11. Кезектен тыс Жалпы жиналыш Басқарманың, Палатаның Атқарушы органдының шешімі бойынша немесе Палата мүшелерінің 1/3 бөлігінің талабы бойынша өткізілуі мүмкін.
- 8.12. Жалпы жиналыш Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Жалпы жиналыш өткізу регламентінде көзделген тәртіппен көзбе-көз (оффлайн) және сырттай (онлайн) форматта, сондай-ақ Палатаның электрондық платформасын пайдалану арқылы дауыс беру жолымен өткізілуі мүмкін.
- 8.13. Жалпы жиналыш өткізуге бастамашы болған орган немесе тұлғалар Жалпы жиналыш өткізу жайлы талабын, Жалпы жиналыштың ұсынылатын күн тәртібін, Жалпы жиналышты өткізу үлгісін, сондай-ақ отырыстың өткізілетін күні мен орны бойынша ұсынысын Палатаның Атқарушы органдына жолдайды.
- 8.14. Ұсынылатын күн тәртібі анық тұжырымдалып, Жалпы жиналыштың қарастыруна шығарылатын нақты мәселелерді қамтуы тиіс. Жалпы жиналыштың күн тәртібіне Палатаның басқару органдары мен мамандандырылған органдарын сайлау мәселесі қойылған жағдайда, Жалпы жиналыш өткізу жайлы талапты жолдаған орган немесе тұлғалар Жалпы жиналыш өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күн бұрын тиісті үміткер жайлы ақпаратты беруі қажет.
- 8.15. Жалпы жиналыш өткізу жайлы талапта көрсетілген өткізу күні Жалпы жиналыш Жалпы жиналышты өткізу туралы талап жіберілген сәттен бастап кем дегенде отыз күннен кейін өткізілетіндей етіп анықталуы тиіс.
- 8.16. Есеп комиссиясының міндеттері:
- 8.16.1. Жалпы жиналышқа қатысушыларды тіркеу;
- 8.16.2. Жалпы жиналышқа қатысушыларды тіркеу хаттамасын жасау және оған қол қою;
- 8.16.3. Жалпы жиналышта кворумның жиналған/жиналмағанын анықтау;
- 8.16.4. Жалпы жиналышқа қатысушылардың дауыстар санын есептеу (соның ішінде сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің негізінде);
- 8.16.5. дауыс беру қорытындысының хаттамасын өзірлеу және қол қою.

### **Жалпы жиналыш өткізуге дайындық**

- 8.17. Атқарушы орган Жалпы жиналыш өткізілетін күнге дейін кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын Жалпы жиналыштың өткізілуі жайлы Палатаның мүшелерін хабардар етуге міндетті.

- 8.18. Тиісті ақпаратты, соның ішінде жиналыстың күні мен уақытын, сырттай/аралас дауыс беру бюллетендерін қабылдау аяқталатын күнді қоса алғанда, өткізілетін орнын, ұсынылатын күн тәртібін Атқарушы орган Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын Палатаның Интернет-Порталында орналастыруға тиіс.
- 8.19. Жалпы жиналыстың күн тәртібі бойынша материалдарды Атқарушы орган Палатаның Интернет-порталында Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін кем дегенде 15 (он бес) күн бұрын орналастыруға тиіс.
- 8.20. Атқарушы орган Жалпы жиналыс өткізу жайлы ақпаратты өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.
- 8.21. Атқарушы орган Жалпы жиналыстың өткізілетін күніне дейінгі күні Тізілімнен алынған үзінді көшірмені дайындалап, онда Палатаның барлық әрекет етуші мүшелерін көрсетеді. Жалпы жиналысты сырттай немесе аралас турде дауыс беру жолымен өткізген кезде Тізілімнен алынатын үзінді көшірме Жалпы жиналысты өткізу жайлы хабарлама жолданған күні жасалады. Жалпы жиналысқа Тізілімнен жасалған осы үзінді көшірмеге енгізілген Палатаның әрекет етуші мүшелері қатысуға құқылы.
- 8.22. Палатаның құрметті және қауымдастырылған мүшелері Жалпы жиналыстың отырысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға құқылы.

### **Жалпы жиналысты өткізу**

- 8.23. Палата мүшесі Жалпы жиналысқа тікелей немесе техникалық байланыс құралдарын (бейне, аудио байланыс, электрондық дауыс беру жүйелері және т.б.) пайдалана отырып, қашықтан қатысады. Аралас дауыс беру жолымен шешім қабылданатын жағдайда, Жалпы жиналысқа қашықтан қатысып отырған Палата мүшелерінің дауыс беруге арналған бюллетендерді қабылдаудың аяқталатын уақыты мен күніне дейін тапсырылған дауыс беру бюллетендері Жалпы жиналысқа тікелей қатысу үшін өздері келген Палата мүшелерінің дауыстарымен бірге есептеледі.
- 8.24. Жалпы жиналыстың өткізілетін уақыты мен күні дауыс беру бюллетендерін қабылдаудың аяқталатын күні болып табылады.
- 8.25. Қашықтан немесе аралас дауыс беру үлгінде өткізілетін Жалпы жиналысқа қатысқандар деп, дауыс беру бюллетендерін мұндай бюллетендерді қабылдау мерзімінің аяқталатын күніне дейін тапсырған оның әрекет етуші мүшелері саналады.
- 8.26. Жалпы жиналысты тікелей өткізгенге дейін Есеп комиссиясы Жалпы жиналысқа қатысуға келген Палатаның мүшелерін тіркейді, сондай-ақ Жалпы жиналыс аралас немесе қашықтан дауыс беру түрінде өткізілсе, қашықтан дауыс беру бюллетендерін де тіркейді.
- 8.27. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу рәсімі Жалпы жиналыстың отырысы белгіленген уақытында басталатында етіп, барлық қатысушыларды тіркеу үшін қажет уақытты ескере отырып жүзеге асырылады.
- 8.28. Тіркеуден өтпеген Жалпы жиналысқа қатысушы кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.
- 8.29. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталғаннан соң Есеп комиссиясы Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу хаттамасын өзірлеп, қол қояды.
- 8.30. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу хаттамасында келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:
  - 1) Жалпы жиналыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
  - 2) Есеп комиссиясы мүшелерінің құрамы;
  - 3) отырысқа қатысып отырған Жалпы жиналыстың қатысушылары жайлы мәліметтер;
  - 4) Жалпы жиналыста кворумның бар немесе жоқ екені туралы мәліметтер.
- 8.31. Жалпы жиналыс кворумның бар болуы шартымен, хабарламада көрсетілген

уақыт пен орында ашылады.

- 8.32. Жалпы жиналыш өткізу үшін Палата мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы плюс 1 дауыс кворумның болуы қажет етіледі. Жалпы жиналыш аралас дауыс беру жолымен өткізілетін жағдайда, Палата мүшелерінің қашықтан дауыс беру бюллетенъдерін қабылдау мерзімі аяқталатын күн мен уақытқа дейін тапсырған осындай бюллетенъдері кворумның бар-жоғын анықтау үшін есепке алынады. Кворумның жоқтығы Жалпы жиналышты өтпей қалған деп тануға негіз болып табылады.
- 8.33. Қайталама Жалпы жиналыш келесі жұмыс күні, тұра сондай уақытта және мүмкіндігінше тұра сол жерде немесе басқа жолмен өткізіледі. Жалпы жиналыштың қайталама отырысы оған қатысып отырған немесе өкіл жіберген қатысуышылардың санына қарамастан, заңды болып табылады. Осы орайда қашықтан дауыс беру бюллетенъдері де есепке алынуға тиіс.
- 8.34. Палатаның Төрағасы Жалпы жиналышты ашады және келесі мәселелерді шешу үшін талқыға қояды:
- 1) Жалпы жиналышқа төрағалық етушіні сайлау;
  - 2) Жалпы жиналыштың хатшысын сайлау;
  - 3) Есеп комиссиясын сайлау;
  - 4) Жалпы жиналышта дауыс беру тәсілі - ашық немесе құпия дауыс беру;
  - 5) Күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар бар ма.
- 8.35. Палатаның Төрағасы Жалпы жиналышқа төрағалық етуші болып сайланған алмайды.
- 8.36. Жалпы жиналышқа төрағалық етуші тұлға күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқыға салмас бұрын кворумның жиналғанын белгілеуге міндетті. Бұл талаптың орындалмауы Жалпы жиналышта қабылданған барлық шешімдердің жарамсыздығына өкеп соғады.
- 8.37. Жалпы жиналыштың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға, сондай-ақ олар бойынша шешім қабылдауға жол берілмейді. Бұл талаптың орындалмауы мұндай мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің жарамсыздығына өкеп соғады.
- 8.38. Жалпы жиналыштың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешімдер Жалпы жиналышқа қатысуышылардың дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Мына мәселелер: Палата Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Жарғыны жаңа редакцияда қабылдау; Палатаның бюджетін бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу; жылдық қаржылық есептілікті бекіту; Басқарма мүшелерін сайлау бойынша шешімдер Жалпы жиналышта Жалпы жиналышқа қатысуышылардың жалпы санының үштен екісіне тең дауыстарының айқын көпшілігімен қабылданады.

### **Жалпы жиналыш өткізу нәтижелерін рәсімдеу**

- 8.39. Күн тәртібінің барлық мәселелері қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан соң ғана Жалпы жиналыштың отырысы жабық болып жариялануы мүмкін.
- 8.40. Сырттай немесе аралас дауыс беру жолымен өткізілетін Жалпы жиналыштың отырысын күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана, сондай-ақ дауыс беруге арналған бюллетенъдерді қабылдау уақыты мен күні аяқталғаннан кейінгі келесі күні жабық деп жариялауға болады.
- 8.41. Жалпы жиналыштың қарауына ұсынылған мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері бойынша Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы жасайды және оған қояды.
- 8.42. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттамада мынадай мәлімет көрсетіледі:
- 1) Жалпы жиналыштың өткізілетін күні, уақыты және орны;
  - 2) Есеп комиссиясы мүшелерінің құрамы;

- 3) Жалпы жиналыстың тіркелген қатысушылары және кворум туралы мәліметтер;
  - 4) Жалпы жиналыстың үйымдастыру мәселелері бойынша дауыс беру қорытындылары (Жалпы жиналыстың төрағалық етушісін сайлау; Жалпы жиналыстың хатшысын сайлау; Есеп комиссиясын сайлау; Жалпы жиналыста дауыс беру тәсілі – ашық немесе жасырын дауыс беру; күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар бар ма);
  - 5) күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер;
  - 6) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «қолдап», «қарсы» дауыс берген және «қалыс қалған» Жалпы жиналысқа қатысушылар дауыстарының саны, сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс бермеген қатысушылардың саны;
  - 7) күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша жарамсыз деп танылған дауыстар саны.
- 8.43. Жалпы жиналыстың хаттамасын Жалпы жиналыс хатшысы Жалпы жиналысты өткізгеннен кейін он күнтізбелік күннің ішінде жасайды.
- 8.44. Жалпы жиналыс хаттамасында мынадай мәлімет көрсетіледі:
- 1) Палатаның толық атауы және орналасқан жері;
  - 2) Жалпы жиналысты өткізу үлгісі;
  - 3) күн тәртібі;
  - 4) Жалпы жиналыстың үйымдастыру мәселелері бойынша шешімдер;
  - 5) Есеп комиссиясының жұмысы туралы мәлімет;
  - 6) Жалпы жиналысқа қатысушы тұлғалардың сөйлеген сөзі;
  - 7) қабылданған шешімдер туралы мәлімет;
  - 8) Жалпы жиналыстың күн тәртібі туралы өзге мәлімет.
- 8.45. Жалпы жиналыстың хаттамасына Жалпы жиналысқа төрағалық етуші тұлға және Жалпы жиналыс хатшысы қол қояды.
- 8.46. Жалпы жиналыстың хаттамасы Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу туралы Есеп комиссиясының хаттамасымен және дауыс беру нәтижелері туралы Есеп комиссиясының хаттамасымен, электрондық дауыс беру бюллетендерімен бірге тігіледі.
- 8.47. Жалпы жиналыстың хаттамасына мынадай құжаттар қоса тіркеледі:
- 1) Палата Тізілімінен үзінді көшірме;
  - 2) Палатаның Атқарушы органдының және/немесе Басқармасының Жалпы жиналыстың өткізілетіні жайлы Палата мүшелеріне хабарлау туралы талапты орындағанын растайтын ақпарат;
  - 3) күн тәртібі бойынша материалдар.
- 8.48. Палатаның Атқарушы органды аталмыш құжаттарды Палатаның хаттамалар папкасында және электрондық деректер базасында сақтауға тиіс.
- 8.49. Палатаның мүшелері Жалпы жиналыс хаттамасымен танысып шығуға құқылы. Палата мүшесінің Палата Төрағасына жолдаған жазбаша өтінімімен оған Жалпы жиналыс хаттамасының көшірмесі немесе одан үзінді көшірме беріледі.

## **9-БАП. БАСҚАРМА**

- 9.1. Басқарма Жарғыға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Палатаның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету өкілеттігін жүзеге асыратын Палатаның тұрақты әрекет етуші алқалы басқару органы болып табылады. Басқарма кем дегендे 7 (жеті) адам құрамында құрылады.
- 9.2. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050051, Медеу ауданы, Достық даңғылы 202, «Форум-Достық» бизнес орталығы, 5-қабат, 509-офис.
- 9.3. Басқарма мүшелері өзінің қызметін Палатадан қандай да бір материалдық сыйақы алмастан жүзеге асырады.
- 9.4. Басқарма келесі мәселелер бойынша құзыретті:

- 9.4.1. Палата Тәрағасының қызметіне тексеріс жүргізу туралы шешім қабылдау;
  - 9.4.2. Палатаның жұмыс бағдарламалары мен жоспарларын қарау және бекіту;
  - 9.4.3. Жалпы жиналысқа Басқарма құрамына сайлауға үміткерлерді, сондай-ақ Палатаның Тәрағасы лауазымына сайлауға үміткерді/үміткерлерді ұсыну;
  - 9.4.4. Жалпы жиналысты шақыру туралы шешім қабылдау және Жалпы жиналыстың күн тәртібін мақұлдау;
  - 9.4.5. Жалпы жиналыс және Байқаушы кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуын үйімдастыру және бақылау;
  - 9.4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Палатаның Жарғысында көзделген негіздер бойынша Палатаға мүше/қауымдастқан мүше етіп қабылдау немесе Палата мүшелерінен/қауымдастқан мүшелерінен шығару туралы шешім қабылдау.
  - 9.4.7. Палата мүшесінің Тәртіптік комиссияның тәртіптік жаза қолдану туралы шешіміне шағымын қарау;
  - 9.4.8. Көсіптік әдеп кодексінің және көсіптік мінезд-құлышқа қагидаларының жобасын өзірлеу және Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының бекітуіне ұсыну;
  - 9.4.9. Палата Тәрағасының ұсынысы бойынша Палатаның құрметті мүшесі етіп қабылдау;
  - 9.4.10. Палата мүшелерінің Біліктілігін арттыру стандарттарын бекіту;
  - 9.4.11. Палатаның ішкі актілері мен құжаттарын бекіту;
  - 9.4.12. Палатаның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асыру;
  - 9.4.13. Палатаның ағымдағы міндеттерін анықтау;
  - 9.4.14. Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататындарды қоспағанда, Палатаның мамандандырылған комитеттерін, комиссияларын, жұмыс топтарын және басқа құрылымдарын бекіту;
  - 9.4.15. Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататындарды қоспағанда, Палатаның мамандандырылған комитеттері, комиссиялары және басқа құрылымдары туралы ережелерді бекіту;
  - 9.4.16. мамандандырылған комитеттердің, комиссиялардың, соның ішінде Аттестациялық комиссияның, Тәртіптік комиссияның, Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссияның, сондай-ақ Ревизиялық комиссияның тәрағаларын тағайындау;
  - 9.4.17. Палата мүшелігіне үміткерлерді аттестаттауды өткізу үшін тест сұрақтарын бекіту;
  - 9.4.18. Палатаның оғиштерін ашу туралы шешім қабылдау;
  - 9.4.19. Палата таратылған жағдайда, Жалпы жиналыстың тағайындауы мен бекіту үшін тарату комиссиясын құру тәртібін және оның құрамын анықтау;
  - 9.4.20. Палатаның бейнелемесін бекіту;
  - 9.4.21. осы Жарғының ережелерін, Палата қызметінің негізгі бағыттарын және Палатаның өзге басшылық құжаттарын іске асыруды қамтамасыз ету;
  - 9.4.22. Палата қызметкерлерінің штатын, еңбекақы төлеу шарттарын анықтау;
  - 9.4.23. Палатаның, оның органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) мәселесі бойынша Палата мүшелерінің өтініштерін, сондай-ақ оларды қарау қорытындыларын қарау;
  - 9.4.24. Палатаның мүлкін басқару;
  - 9.4.25. Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелерден басқа, Палата қызметінің өзге мәселелері бойынша шешім қабылдау.
- 9.5. Басқарма мүшелері Жалпы жиналыстың шешімімен Палата мүшелерінің ішінен 3 (үш) жыл мерзімге сайланады. Басқарма құрамына сайланған Палатаның мүшелері қатарынан екі реттен артық қайта сайланған алмайды.
- 9.6. Басқарманың барлық немесе кейбір мүшелерінің әкілеттіктері осы Жарғыда көзделген негіздер болғанда Жалпы жиналыстың шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

- 9.7. Басқарманың мүшесі Жалпы жиналыс отырысының өз бастамасымен немесе Басқарманың ұсынысымен шығарылған шешімі негізінде келесі себептер бойынша Басқарманың құрамынан шығарылуы тиіс:
- 9.7.1. алдыңғы 12 ай ішінде Басқарма отырыстарының жартысынан астамына дәлелді себепсіз қатыспаса;
  - 9.7.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Палатаның Жарғысын бұзған жағдайда;
  - 9.7.3. Палата қызметінің мақсаттарына қайшы келетін әрекеттерді жасаған жағдайда.
- 9.8. Басқарманың мүшесі Палатаның Төрағасына жазбаша өтініш жолдау арқылы лауазымынан босатылуға құқылы.
- 9.9. Басқарманың отырыстары қажеттіліктің пайда болуына қарай өткізіледі.
- 9.10. Басқарманың отырыстары Палатаның атқарушы органды орналасқан жердегі елді мекенде өткізіледі.
- 9.11. Басқарманың отырыстарын өткізген кезде Басқарма мүшелеңерінің отырысқа қатысуын қамтамасыз ету мақсатымен телекоммуникация құралдарын (телефон, бейне және т.б.) қолдануға жол беріледі. Басқарманың шешімдерін электрондық коммуникация құралдарын пайдалану арқылы қабылдауға жол беріледі.
- 9.12. Басқарма отырысы Басқарманың кез келген мүшесінің талабымен шақырылуы мүмкін
- 9.13. Басқарманың отырысын шақыру туралы талап Палата Төрағасына жазбаша түрде жолданады және онда Басқарманың қарауына ұсынылатын мәселелер қамтылуға тиіс.
- 9.14. Басқарманың отырысын мына тұлғалар:
- 9.14.1. Палатаның Төрағасы - шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей;
  - 9.14.2. Басқарманың екі немесе одан да көп мүшесі - Палата Төрағасы Басқарманың отырысын шақыруға міндettі бола отырып, Басқарманың отырысын шақырмадан жағдайда дереу шақырады.
- 9.15. Басқарма отырысын шақыруши органдар немесе тұлға Басқарманың әр мүшесіне Басқарма отырысының өткізілетіні туралы отырыс өткізілерден кемінде үш күн бүрүн жазбаша түрде хабарлауға міндettі.
- 9.16. Тиісті ақпарат, соның ішінде Басқарма отырысының өткізілетін уақыты, орны, ұсынылатын күн тәртібі, сондай-ақ күн тәртібі бойынша материалдар Басқарма мүшелеңеріне Тізілімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайларына жіберілуі тиіс.
- 9.17. Басқарманың шешімімен оның жұмысына кеңесші дауыс құқығы бар өзге тұлғалар қатысуы мүмкін.
- 9.18. Басқарма мүшелеңерінің жалпы санының жартысынан астам кворум жиналған жағдайда, Басқарма шешім қабылдауға құқылы. Кворумның жиналмауы Басқарманың отырысын өтпей қалған деп тану үшін негіз болып табылады.
- 9.19. Басқарманың қайталама отырысы келесі жұмыс күні тұра сол уақытта және тұра сол жерде өткізіледі. Басқарманың қайталама отырысы оған қатысып отырған немесе өкіл жіберген қатысушылардың санына қарамастан, занды болып табылады.
- 9.20. Басқарма отырысы хабарламада көрсетілген уақытта және көрсетілген жерде ашылады.
- 9.21. Отырысты ашқан кезде Басқарма төрағалық етушіні сайлайды, ал ол қажетті кворумның жиналғанын белгілейді. Бұл талаптың орындалмауы Басқарма отырысында қабылданған барлық шешімдердің жарамсыздығына әкеleп соғады.
- 9.22. Басқарма күн тәртібінің мәселелерін талқылауға дейін келесі мәселелерді шешеді:
- 1) Басқарма отырысына төрағалық етуші тұлға мен хатшыны сайлау;
  - 2) Басқарма отырысында ашық немесе құпия дауыс беру арқылы дауыс беру төсілі;

- 3) күн тәртібіне енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың бар-жоғы.
- 9.23. Күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Басқарманың кез келген мүшесі немесе Палатаның Атқарушы органды тарапынан ұсынылуы мүмкін.
- 9.24. Басқарманың әр мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие.
- 9.25. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Басқарманың отырыстары оның мүшелерінің бір үй-жайда тікелей қатысуы жолымен, сол сияқты талқыланатын мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің жеке пікірін және дауыс беру нәтижелерін анықтауға мүмкіндік беретін электрондық нысанда хат жазысу түрінде немесе кез келген байланыс нысандары арқылы (бейне-, аудио-конференциялар және тағы басқалар) күн тәртібінің мәселелерін талқылауға және шешім қабылдауға жеке қатысуы жолымен өткізілуі мүмкін. Басқарма алқалы басқару органы болғандықтан, оның әр мүшесі оның жұмысына белсенді түрде қатысуға міндетті.
- 9.26. Басқарма мүшесінің кез келген себеппен 6 (алты) ай бойы Басқарманың жұмысына қатыса алмауы осындаи Басқарма мүшесін Басқарманың шешімімен оның құрамынан шығаруға негіз болып табылады. Басқарманың мүшесі оның құрамынан шыққан жағдайда, Палата мүшелерінің Жалпы жиналышы Басқарманың құрамына қосымша сайлау өткізеді. Палата мүшелерінің кезекті Жалпы жиналышы өткізілгенге дейінгі кезеңде Басқарма Палата мүшелерінің құрамынан оның орнын уақытша басатын мүшені тағайындауға құқылы.
- 9.27. Басқарманың қарауына ұсынылған мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері бойынша Басқарма отырысының хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды. Дауыс беру қорытындылары бойынша хаттамаға Басқарма отырысына тәрағалық етуші тұлға және отырыс хатшысы қол қоюға тиіс.
- 9.28. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада мынадай мәлімет көрсетіледі:
- 1) Басқарма отырысының өткізілген күні, уақыты және орны;
  - 2) Басқарма отырысында кворумның жиналуды/жиналмауды туралы мәліметтер;
  - 3) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 4) Басқарма отырысының күн тәртібі;
  - 5) күн тәртібінің әр мәселесі бойынша «қолдап», «қарсы» дауыс берген және «дауыс беруден қалыс қалған» Басқарма мүшелерінің дауыс саны;
  - 6) дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 7) Басқарма отырысында қабылданған шешімдер.

## **10-БАП. ПАЛАТАНЫҢ ТӘРАҒАСЫ**

- 10.1. Палатаның ағымдағы қызметіне басшылықты Палатаның тұрақты әрекет етуші атқарушы органды болып табылатын Палатаның Тәрағасы жүзеге асырады. Палатаның Тәрағасы Палата қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілік көтереді. Палатаның Тәрағасы Палатаның жоғары лауазымды тұлғасы болып табылады және сайланған кезең бойы оның қызметі үшін дербес жауапкершілік көтереді, Палата мүшелерінің Жалпы жиналышына және Басқармаға есеп береді. Жалпы жиналыш пен Басқарма қабылдаған шешімдердің орындалуын ұйымдастырады. Палатаның Тәрағасы ретінде Палата мүшелерінің ішіндегі жеке тұлғағана әрекет ете алады.
- 10.2. Палатаның Тәрағасы лауазымға тағайындауға Басқарманың шешімімен ұсынылады және Жалпы жиналыш тарапынан бекітіледі. Палатаның Тәрағасымен жасалатын еңбек шартына Палатаның атынан Палата Басқармасының шешімімен тиісті үекілдегі берілген Басқарма мүшесі қол қояды.
- 10.3. Палатаның Тәрағасын Жалпы жиналыш 3 (үш) жыл мерзімге, дәл сол мерзімге бір рет қайта сайлану құқығымен сайлайды.
- 10.4. Палатаның Тәрағасы:

- 10.4.1. Палатаның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік билік органдарымен, заңды және жеке тұлғалармен, өзге үйымдармен қарым-қатынаста оның мүдделеріне өкілдік етеді және т.б.;
  - 10.4.2. Жалпы жиналышыс, Байқауышы көнеш және Басқарма қабылдаған шешімдерді орындауды үйымдастырады және жүзеге асырады;
  - 10.4.3. Палатаның атынан 5 000 000 (бес миллион) теңгеден немесе оған баламасынан аспайтын сомаға шарттар жасасады. Палатаның Төрағасы Басқарманың келісімімен Палатаның атынан бұл сомадан асатын шарттарды жасасуға құқылы;
  - 10.4.4. үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Палатаға өкілдік ету құқығымен сенімхаттар береді;
  - 10.4.5. жыл сайын Жалпы жиналыштың отырысында ақшалай қаражаттың түсімі мен жұмсалуы жайлы ақпарат беру арқылы Басқарма мен Палатаның мүшелерін содан хабардар етеді;
  - 10.4.6. жылдық бюджет пен қаржы есептілігін өзірлейді және Басқармамен келістіргеннен кейін оны Жалпы жиналыштың бекітуіне ұсынады;
  - 10.4.7. мүшелікті тоқтата тұру және қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды;
  - 10.4.8. мүшелік жарналарды траншпен төлеу төртібі туралы шешім қабылдайды;
  - 10.4.9. осы Жарғының ережелерін, Палата қызметінің негізгі бағыттарын және Палатаның өзге басшылық құжаттарын іске асыруды қамтамасыз етеді;
  - 10.4.10. Жалпы жиналыштың күн төртібін өзірлейді, Палатаның ішкі интернет-порталы мен сайтында орналастыру арқылы Жалпы жиналыштың өткізілетін туралы хабарламаларды Палатаның мүшелеріне жолдайды, сондай-ақ Палата мүшелеріне электрондық пошта арқылы жібереді;
  - 10.4.11. Палатаның интернет- порталына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
  - 10.4.12. Жалпы жиналышыс пен Басқарманың құзыретіне жатқызылмайтын өзге қызметті жүзеге асырады, Палатаның қалыпты жұмысы үшін қажет мәселелерді талқылайды және шешімдерді қабылдайды.
- 10.5. Палатаның Төрағасы белгіленген шектеулерді бұза отырып мәміле жасасқан кезде тараптар мұндай шектеулер жайлы хабардар болғанын дәлелдесе, Палата мұндай мәміленің жарамдылығына наразылық білдіруге құқылы.
  - 10.6. Палата Төрағасы кез келген уақытта, өкілеттігін тоқтататын күнге дейін бір күнтізбелік ай бұрын Палата Басқармасын хабардар етіп, езіне қабылдаған міндеттерін орындаудан мерзімінен бұрын бас тартуға құқылы. Осы орайда Басқарма Палатаның қандай да бір мүшесін келесі Жалпы жиналыш шақырылғанға дейін Палата Төрағасының міндетін орындаушы етіп уақытша тағайындауға құқылы,

## **11-БАҚЫЛАУ ОРГАНЫ (РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯ, РЕВИЗОР)**

- 11.1. Палата Төрағасының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін Жалпы жиналышыс Ревизиялық комиссияны Палата мүшелерінің ішінен сайлайды немесе көсіпқой консультанттардың/мамандардың ішінен тағайындаиды, онымен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төртіпте азаматтық құқықтық немесе еңбек шарты жасалады.
- 11.2. Ревизиялық комиссия ең көбі 5 (бес) адамнан құралады.
- 11.3. Ревизиялық комиссияның функцияларын орындау Палата мүшелерінің біріне жекедара Ревизор ретінде тапсырылуы мүмкін.
- 11.4. Палатаның Ревизиялық комиссиясының немесе жекедара Ревизорының өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылға тең.
- 11.5. Палатаның Төрағасы Ревизиялық комиссияның мүшесі (Ревизор) бола алмайды.
- 11.6. Ревизиялық комиссия (Ревизор) кез келген уақытта Палата Төрағасының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеріс жүргізуге құқылы. Ревизиялық комиссия (Ревизор) бұл мақсат үшін Палатаның бүкіл құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Палатаның Төрағасы Ревизиялық комиссияның (Ревизордың)

- талабы бойынша қажетті түсініктемелерді ауызша немесе жазбаша түрде беруге міндепті.
- 11.7. Ревизиялық комиссия (Ревизор) міндепті түрде Палатаның жылдық қаржы есептілігін Жалпы жиналыс бекіткенге дейін тексереді. Жалпы жиналыс Ревизиялық комиссияның (Ревизордың) қорытындысының немесе аудиторлық есепсіз жылдық қаржы есептілігін бекітуге құқылы емес.
  - 11.8. Палатаның Ревизиялық комиссиясының (Ревизорының) жұмыс тәртібі Палатаның ішкі қызметін реттейтін қағидалармен және өзге құжаттармен анықталады.

## **12-БАП. ПАЛАТАНЫҢ МУЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ**

- 12.1. Палатаның меншігінде ғимараттар, құрылыстар, имараттар, автокөлік, жабдық, ақшалай қаражат, осы Жарғыда көзделген қызметті материалдық жағынан қамсыздандыру үшін қажет өзге мүлік болуы мүмкін.
- 12.2. Палатаның мүлкі мыналар арқылы құрылады:
  - 12.2.1. Палата мүшелерінің мүшелік жарналары;
  - 12.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті, қайырымдылық жарналар мен қайырмалықтар, соның ішінде шетел валютасында;
  - 12.2.3. осы Жарғыда көзделген мақсаттарға жетуге бағытталған қоғамдық іс-шараларды, білім беру іс-шараларын, қызметтер мен дәрістерді, көрмелерді Жарғыға сәйкес өткізу үшін түскен түсімдер;
  - 12.2.4. заңмен тыйым салынбаған басқа түсімдер, соның ішінде Палатаның жеке қызметінен және қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да қызмет түрлерінен түскен табыс;
  - 12.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге мүлік.
- 12.3. Палата бүкіл мүлкінің қаржылық есебін жүргізеді. Палата өзінің міндептемелері бойынша меншікті қаражатымен және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша өндіріп алу шаралары салынуы мүмкін болатын меншікті мүлкімен жауап береді.
- 12.4. Палатаның бухгалтерлік есебі, қаржылық мен статистикалық есептілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, қызметтің барлық түрлерінен түскен табыс Палата қызметінің мақсаттарына бағытталады және оның мүшелерінің арасында бөлуге жатпайды.
- 12.5. Палатаның мүлкін басқару осы Жарғыда көзделген тәртіpte қабылданған Басқарманың шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Палатаның Төрағасы Палатаның мүлкіне қатысты Басқарманың қабылдаған шешімдерінің тиісті түрде орындалуы үшін жауапты.
- 12.6. Палата Төрағасының қаржы-шаруашылық қызметіне жалпы бақылауды осы Жарғыда көзделген тәртіpte Ревизиялық комиссия/Ревизор жүзеге асырады.
- 12.7. Палата таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан соң қалған мүлік осы Жарғыда көзделген мақсаттарға бағытталады.

## **13-БАП. ПАЛАТАНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АҚШАНЫҢ ТҮСІМІ МЕНДІНДЕ ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ**

- 13.1. Палата өзінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Палатаның ішкі ережелерінде көзделген тәртіpte ақшалай қаражаттың түсімі мен жұмсалуы туралы ақпарат береді.
- 13.2. Ақшалай қаражаттың бүкіл түсімдері мен жұмсалуы Палатаның қаржы есептіліктерінде көрсетілуге тиіс. Палатаның Атқарушы органдының қаржы есептілігін дайындаудың кезеңділігі мен мерзімдері, оларды Жалпы жиналыстың бекітуіне және бақылау органдының тексеріс жүргізуіне ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.
- 13.3. Осы Жарғыға сәйкес Палатаның Төрағасы жыл сайынғы Жалпы жиналыста

Палатаның барлық мүшелеріне ақшалай қаражаттың бүкіл түсімі мен жұмсалуы туралы ақпарат береді және Палатаның жылдық қаржы есебін Жалпы жиналыстың бекітінен ұсынады.

#### **14-БАП. ПАЛАТАНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

- 14.1. Палатаның Қазақстан Республикасының облыстары аумағында (республикалық маңызы бар қалаларында) құрылымдық бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері мен оғистері) болуы мүмкін.
- 14.2. Филиалдары, өкілдіктері мен оғистері Палатаның оқшауланған бөлімшелері болып табылады және заңды тұлғалар болып табылмайды. Оларға Палатаның мүлкі беріледі және олар Басқарма бекітетін филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелердің негізінде қызметін жүзеге асырады.
- 14.3. Палатаның филиалдарының, өкілдіктері мен оғистерінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Палатаның ішкі құжаттарымен анықталады.


#### **15-БАП. ПАЛАТАНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТИН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ**

- 15.1. Палатаның қызметін тоқтату оны қайта құру немесе тарату жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.
- 15.2. Палата Жалпы жиналыстың отырысына қатысқан Жалпы жиналыс отырысына қатысушылардың дауыстарының айқын көпшілігімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіpte қайта құрылуы мүмкін.
- 15.3. Палатаның қайта құрылуы қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу және заңнамада қарастырылған басқа да үлгілерде жүзеге асырылуы мүмкін.
- 15.4. Қосылу үлгісіндегі қайта құру жағдайларынан басқа, Палата жаңадан пайда болған ұйым (ұйымдар) мемлекеттік тіркеуге алынған сәтten бастап қайта құрылған болып саналады. Палатаға басқа ұйымның қосылуы түріндегі қайта құру жағдайында, Палата заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне қосылған ұйымның қызметінің тоқтауы жайлы жазбаны заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte жүзеге асырылады.
- 15.5. Ұйымды (ұйымдарды) қайта құру нәтижесінде жаңадан пайда болған ұйымды мемлекеттік тіркеу және қайта құрылған ұйымның (ұйымдардың) қызметінің тоқтауы жайлы жазбаны заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte жүзеге асырылады.
- 15.6. Палата мынадай жағдайларда таратылуы мүмкін:
  - 15.6.1. Жалпы жиналыстың шешімімен;
  - 15.6.2. соттың шешімімен.
- 15.7. Палата таратылған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы қарастырылмаса, Басқарма анықтаған және Жалпы жиналыс бекіткен тәртіpte және құрамда тарату комиссиясы құрылады.
- 15.8. Тарату комиссиясы құрылған сәтten бастап оған Палатаның мүлкі мен істерін басқару бойынша өкіллектер етеді.
- 15.9. Тарату комиссиясы ресми баспа органдарына Палатаны тарату және оның кредиторларының кінарат-талап беру мерзімі туралы жарияланымды орналастырады.
- 15.10. Тарату комиссиясы кредиторларды анықтау және берешекті алу шараларын қолданады, сондай-ақ кредиторларды Палатаның таратылуы жайлы жазбаша түрде хабардар етеді.
- 15.11. Палата таратылғаннан соң бюджетпен және кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған оның мүлкі осы Жарғыда қарастырылған мақсаттарға бағытталады.

15.12. Палата заңды тұлғалардың бірынғай мемлекеттік тізілімінен заңды тұлға ретінде шығарылған сәттен бастап оны тарату ресімі аяқталған, ал Палата өзінің қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

#### 16-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 16.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық өзге ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 16.2. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 16.3. Палатаның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатады.
- 16.4. Палатаның Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар Басқарма тарапынан немесе Палата мүшелерінің көмінде 1/3 бөлігінің талабы бойынша Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының қаруына қойылады.
- 16.5. Егер де осы Жарғыда қамтылған бір немесе одан көп ереже немесе олардың қолданылуы жарамсыз, заңсыз немесе заңды күші жоқ деп есептелсе немесе солай деп жарияланса, онда бұл осы Жарғының қалған ережелерінің жарамдылығын, заңдылығы мен заңды күшін және олардың қолданылуын ешбір жолмен қозғамайды және оларға шек қоймайды.

  
Елюбаев Ж. С.  
«Kazakhstan Bar Association»  
заң консультанттары палатасының Төрағасы